




АЛҒЫС

Жидекті кім өсірді?

Қыз шөптен қызыл тәтті жидек тауып алып, оны жеді де былай деді:

- Жидек, маған дәм сыйлағаныңа рахмет!
- Маған неге «рахмет» айтпайсың, - деген нәзік үн естілді сол кезде.
- Сен кімсің? – қыз таңғала сұрады.
- Мен – сумын. Мен сенің жидегіңді үлкен әрі шырынды болсын деп суардым.
- Маған да «рахмет» айтуды ұмытып кетті деді жай ғана бір дауыс.
- Мен – жермін. Мен сенің жидегіңді тәтті болсын деп қоректендірдім.
- Маған да ешкім «рахмет» айтқан жоқ, - деді көңілді дауыс. Мен – күнмін. Мен сенің жидегің өссін деп, оан нұрымды төктім.
- Су, жер және күн мен үшін осындай үлкен тәтті жидек өсіргендеріңіз үшін рахмет! – деді сонда қыз.

Ал су, жер және күн жұмыстарын тату жалғастыруда және жыл сайын бізге дәмді жидектер, жемістер, көкөністер мен жаңғақтар сыйлайды.

Қалай ойлайсыңдар, табиғат біздің алғысымызды ести ме? Оны қалай білдіруге болады? Айтыңдаршы, табиғатқа не үшін «рахмет» айтуға болады?

Динамикалық үзіліс «Аралар мен гүлдерге рахмет»

Балалар педагогқа қарама-қарсы жарты шеңбер жасап тұрады. Педагог өлең оқып, оны қимылмен көрсетеді. Балалар қайталайды.

Көтерілді сабақтар,
Пайда болды бүршіктер,
Гүл жарып жайқалды,
Ұшып келді аралар.
Гүлге қонып, бал жинады,
Балаларға сыйлады.
Бәрі болды мақтады,
«Рахмет» деп айтты.

Рахмет

Анама жұмысы үшін рахмет,
Әкеме де рахмет,
Әпкем мен ағама да,
Қасымда болғаны үшін рахмет.
Әжеме түсінгені үшін,
Рахмет барлық ұстаздарға,
Тәрбиешілер мен күтушілерге,
Бізді мақтан еткені үшін,
Қайырымдылыққа үйреткені үшін.

«Рахмет» өлеңін оқу және талдау

- Адамдар әдетте бір-біріне не үшін алғыс айтады?

- Өздеріңіздің туғандарыңызға (жақындарыңызға) жиі «рахмет» айтасыз ба?
- Ол қандай жағдайда болады?
- Сізге қашан «рахмет» айтқанын есіңізге түсіріңіз және айтып беріңіз.

Жаттығу «Риза жүрек»

Барлығы айнала отырады.

Педагог балалардан көздерін жұмып, жүректеріне жүгіріп, өздеріне жақсылық жасаған адамдарды еске түсіруін сұрайды.

30-40 секундтан кейін балалар көздерін ашып, кезектесіп айта бастайды: адамдардың атын және не үшін оларға алғыс айтатынын, мысалы: жайлы үй үшін анама рахмет.

Қорытынды

Сабақтың соңында қысқа әңгіме өткізіледі, оның барысында педагог балалардың есіне төмендегілерді салады:

- Айналадағы адамдарға сізге істеген жақсылығы үшін әрқашан алғыс айту қажет.
- Алғысты тек сізбен емес, іспен білдіру керек.
- Алғыс тек адамдарға ғана емес, сізді қоршаған барлық ғажайыптарға айтылады.

Қосымша тапсырма

«Сурет, рахмет» сөзі неге ұқсайды

Педагог балаларға кемпірқосақ, гүл, күн және жаңбыр тамшысы бейнеленген кеспелер таратады.

Осы бейнелердің қайсысына «рахмет» сөзі көбірек ұқсайтынын талдау ұсынылады, одан соң өздері таңдаған суретті бояп шығады.